

"Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 301 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 141 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17, 164-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы № 176 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33343 болып тіркелген) бүйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 301 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

"Мемлекеттік органның бірінші басшысының мэртебесі мен өкілеттіктері" З-тaraуында:

18-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың адамдары мен өзге де қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың басшыларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады";

Басқарманың және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде

:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыруды дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шығыс Қазақстан облыстық олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

мынадай мазмұндағы 35-тармақпен толықтырылсын:

"35. Шығыс Қазақстан облысы мен шынықтыру және спорт басқармасының "Шығыс Қазақстан облыстық дзюододан мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысының мен шынықтыру және спорт басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындастырылған өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің мен шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

E. Көшербаев

"Келісілді"

Шығыс Қазақстан облысы

экономика және бюджеттік жоспарлау

басқармасының басшысы

Ф. Белбеев

2024 жылғы "14" маусым

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2024 жылғы 14 маусымдағы

№ 141 қаулысына қосымша

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2022 жылғы 6 желтоқсандағы

№ 301 қаулысына 2-қосымша

"Шығыс Қазақстан облысының мен шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы

Басқарма басшысы

Басшының орынбасары

Жоғары спорт жетістіктері және спорт резерві бөлімі

Бүкіларалық спорт бөлімі

Әкімшілік-қаржы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК